

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу

ЖАРИЯЛАНДЫ  
17.03.2025СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/176879/>**Зарипова Светлана****Лауазымы: тәрбиешісі****Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Хиуаз ауылы****«Нұрбөбек» бөбекжай бақшасы.**

**Кіріспе:** Мектеп жасына дейінгі кезең – баланың болашақ тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуының іргетасы қаланатын ерекше кезең. Баланың ой-санасы, мінез-құлқы, дүниетанымы осы уақытта қарқынды дамиды. Сондықтан осы кезеңде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру – олардың болашақта толыққанды азамат, қоғамның жауапкершілікті мүшесі болуына әсер ететін маңызды фактор. Ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесіне енгізу – ұрпақ сабақтастығын сақтап, ұлттық рухты жаңғыртудың бірден-бір жолы.

**Негізгі бөлім:****Ұлттық құндылықтардың мәні.**

Ұлттық құндылықтар – халықтың ғасырлар бойы жинақталған материалдық және рухани байлығы, өмірлік тәжірибесі мен даналығының көрінісі. Бұл құндылықтар арқылы әрбір ұлттың ерекшелігі, мәдениеті, салт-дәстүрі айқындалады. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен дәстүрлері, бай мәдени мұрасы мен рухани байлығы – болашақ ұрпаққа бағыт-бағдар беретін рухани тәрбие негізі. Мектепке дейінгі жастағы

балалардың бойына осы құндылықтарды сіңіру – олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың ең тиімді жолы. Ұлттық құндылықтарға патриотизм, ата-баба дәстүрін құрметтеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, еңбекқорлық, адалдық, намысшылдық, қонақжайлылық және табиғатты аялау сынды қасиеттер жатады. Бұл қасиеттерді бала жастайынан бойына сіңірген жағдайда ол болашақта өз елінің тарихын, мәдениетін, дәстүрін сыйлайтын, еліне қызмет ететін тұлға болып қалыптасады.

## **Ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесінде қолдану әдістері**

### **Тәрбие үрдісіндегі ұлттық дәстүрлердің рөлі.**

Мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелерінде баланы ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің түрлі әдістерін қолдануға болады. Қазақ халқының бай салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын тәрбие беру үдерісіне енгізу өте маңызды. Мысалы, баланы тәрбиелеу барысында «қонақ күту», «асар», «қамқорлық көрсету» сынды дәстүрлер арқылы балалардың бойына мейірімділік, қамқорлық, өзара көмек көрсету, ұжымдық жұмысқа қатысу сияқты қасиеттерді дарытуға болады. Бұл тәсілдер арқылы балалар ата-бабасының өмір сүру дәстүрімен танысады, ұлттық бірегейлігін сезінеді.

### **Ойын арқылы тәрбие беру.**

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің ең тиімді әдістерінің бірі – ойын. Ойын балалардың танымдық қабілетін, ойлау жүйесін, дене бітімін дамытатын ең маңызды құрал болып табылады. Ұлттық ойындар арқылы балаларды тәрбиелеу – оларды ұлттық мәдениетпен, салт-дәстүрлермен таныстырудың тиімді тәсілі.

### **Тәрбиелік ертегілер мен аңыздар**

Қазақ халқының ауыз әдебиеті балалардың танымын кеңейтіп, ұлттық рухты бойына сіңіруде ерекше орын алады. Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ ертегілері мен аңыз-әңгімелерді тыңдату олардың елінің тарихымен, батырларымен, қасиетті жерлерімен танысуына мүмкіндік

береді. Сонымен қатар, ертегілердің тәрбиелік мәні де жоғары, олар мейірімділік, әділдік, адалдық сияқты қасиеттерді үйретеді.

### **Отбасының рөлі.**

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеуде отбасының ықпалы зор. Балаға ең алғашқы ұлттық тәрбиені ата-анасы мен жақындары береді. Отбасында ата-ананың ұлттық құндылықтарды насихаттауы, балаларымен бірге қазақтың салт-дәстүрлерін орындауы, күнделікті өмірде ұлттық нақыштағы іс-әрекеттер жасауы балалардың санасына терең әсер етеді. Отбасындағы тәрбие ұлттық рухты қалыптастырып, балалардың болашақта ұлттық құндылықтарды сақтаушы әрі насихаттаушы болуына негіз болады.

### **Ұлттық құндылықтарды тәрбие беру үрдісіне енгізудің маңызы**

Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру – балалардың жан-жақты дамуына, рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына, өз халқының тарихы мен мәдениетіне деген құрметінің артуына септігін тигізеді. Бұл тәрбиенің басты мақсаты – баланың бойында отансүйгіштік, елін қорғауға дайын азаматтық жауапкершілік, ұлттық сананы қалыптастыру.

Сонымен қатар, ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиеленген бала қоғамдағы өз рөлін түсініп, ата-бабасының аманатын сақтап, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлерді жаңғыртуға ұмтылады. Балабақшадағы тәрбиешілер мен ата-аналардың бірлесе жұмыс жасауы, ұлттық құндылықтарды күнделікті өмірде насихаттап, балалардың бойына сіңіруі болашақ ұрпақтың рухани тұрғыдан бай, мәдениеті жоғары, адамгершілік қасиеттерге толы азамат болып өсуіне жағдай жасайды.

### **Қорытынды**

Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру – бала тәрбиесінің ең маңызды аспектілерінің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру олардың болашақта елін сүйетін, мәдениетті, адамгершілігі мол азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесінде қолдану – тек жеке

тұлғаны ғана емес, тұтас қоғамды тәрбиелеудің негізгі кілті. Ұлттық құндылықтармен сусындаған ұрпақ – ел болашағының тірегі, халқымыздың рухани байлығын сақтайтын сенімді мұрагері.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. *Аманов Даурен. Ұлттық құндылықтар – ұлт қорғаны. 2020ж.*
2. *Абдыханова Ғ.Т. Филология. Ұлттық құндылықтар-бала тәрбиесінің қайнар көзі. 2019ж*
3. *Бисенбаева Ж.С. Мектепке дейінгі бала тәрбиесіне арналған ұлттық ойындар. 2014ж.*
4. *Интернет желісі.*

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.